

"Қаражал қаласының аз қамтылған азаматтарына тұрғын үйді ұстау, коммуналдық қызметтер ақысын төлеу, қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің көтерілуіне байланысты өтемақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақысын беру Қағидасын бекіту туралы" қалалық мәслихаттың XXVI сессиясының 2006 жылғы 13 шілдедегі N 26/259 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының II сессиясының 2007 жылғы 22 қазандағы N 17 шешімі. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2007 жылғы 20 қарашада N 8-5-44 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2013 жылғы 28 маусымдағы № 1-24/167 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 28.06.2013 № 1-24/167 хатымен).

1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, қала әкімінің тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді пайдалану шығындарының мүмкіндік шегі үлесін төмендету туралы ұсынысын қарап шығып, қалалық Мәслихат **ШЕШІМ**
Е Т Т І :

1. "Қаражал қаласының аз қамтылған азаматтарына тұрғын үйді ұстау, коммуналдық қызметтер ақысын төлеу, қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің көтерілуіне байланысты өтемақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақысын беру Қағидасын бекіту туралы" қалалық Мәслихаттың XXIX сессиясының 2006 жылғы 13 шілдедегі N 26/259 шешіміне (әділет басқармасында 2006 жылғы 15 тамызда N 8 –5–24 болып тіркелген, 2006 жылғы 19 тамызда N 32 "Қазыналы өңір" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Қаражал қаласының аз қамтылған азаматтарына тұрғын үйді ұстау, коммуналдық қызметтер ақысын төлеу, қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің көтерілуіне байланысты өтемақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақысын беру Қағидасында:

2 тармақта "отбасының жиынтық кірісінің 20 пайыз мөлшерінде" деген сөздер "отбасының жиынтық кірісінің 10 пайыз мөлшерінде" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы шешімді мүдделі қызметтердің барлығына мәліметтер үшін жеткізсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

II сессияның төрағасы

Т. Тәкібаев

Қалалық Мәслихаттың хатшысы

Н. Кәдірсізов

К е л і с і л д і :

*Экономика және бюджеттік
жоспарлау бөлімінің бастығы*

А . Е р е ж е н о в а

2007 жыл 22 қазан

*Жұмыспен қамту және әлеуметтік
Бағдарламалар бөлімінің бастығының м.а.*

О . К а л а ш н и к о в а

2007 жыл 22 қазан